

Меңдіқара ауданы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 36 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 наурызда № 7616 болып тіркелді

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 140-бабының 2-тармағына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меңдіқара ауданы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Меңдіқара ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулыны Меңдіқара ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етеді.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Меңдіқара ауданы әкімінің қаржы мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Теменов

Әкімдіктің

2018 жылғы 27 ақпандағы

№ 36 қаулысына қосымша

Меңдіқара ауданы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі

Меңдіқара ауданы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудандық бюджетке аудару нормативі былайша айқындалады:

| | |
|--|--|
| таза кіріс 3000000 теңгеге дейін | таза кіріс сомасынан 5 пайыз |
| таза кіріс 3000001 теңгеден 50000000 теңгеге дейін | 150000 теңге + 3000000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 10 пайыз |

| | |
|---|--|
| таза кіріс 50000001 теңгеден 250000000 теңгеге дейін | 4850000 теңге + 50000000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан смадан 15 пайыз |
|---|--|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК